

Н.Серікбаев * 

Тарих ғылымдарының магистрі,
«Тараз қаласы мемлекеттік архивінің» директоры
Тараз қаласы., Қазақстан
nst5@mail.ru

КҮЗЕМБАЙ БАЙБОСЫНОВТЫҢ ӨЛКЕТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕКТЕРІ, ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨШПЕЙДІ

Аңдатпа. Мақалада белгілі тарихшы, өлкетанушы Күзембай Байбосыновтың Жамбыл облысын зерттеуге қосқан үлесі мен еңбектері айтылады. Көзі тірісінде-ақ көптеген ғылыми-зерттеулер жүргізіп, тарихи орындарды, құнды жәдігерлерді табуға қажырлы еңбек етті. Күзембай аға зейнет жасында да зерттеу жұмыстарын тоқтатқан емес. Тараз қаласының маңында орналасқан «Төменгі Барысхан» қалашығының орнына археологиялық зерттеу жұмыстарын жалғастырып, сол жерден үлкен музей ашу жоспарын қағаз бетіне түсіріп, облыс басшылығына ұсынған кездері де болды. Өзінің ұзақ жылдар бойы жасаған зерттеулерін таныстырып, болашақта зерттеуді қажет ететін тарихи орындарды үнемі айтып отырушы еді. Ағамыздың шаңырағына сұхбаттасуға барған кезде өзінің көптеген жоспарларымен бөлісіп, жастарға бағыт бағдар беріп жүруші еді. Ағамыздың көзі тірісінде жарыққа шыққан мақаларының бірнешеуіне тоқтала кетсек. Сонымен қатар музейдің жанынан ұйымдастырылған экспедиция Талас ауданы, Жданов совхозы, Амангелді бөлімшесінен бұдан бір ғасыр бұрын Төменгі Талас өңірінде өзінің өнерімен атағы шығып жүрген Дайырбеков Битеннің қолынан шыққан өте сирек кездесетін ағаш төсекті алып келді. Ол бұл өнерді Тоғызбай, Оңбай деген ағайындарынан үйренгендігін оның жасаған бұйымдары соңғы кезге дейін осы ауылда бірен-саран кездесіп қалушы еді, бірақ қазір жоқ болып кетті, деп еске алған екен оның көзін көргендер. Күзембай ағамыздың мақалаларында өлке тарихы мен осы өлкеден шыққан қол өнершілердің еңбектерінде қатты қызықтырып отырған. Мысалы көптен бері ойда жүрген мәселенің бірі - ел арасында әлі де бізге белгісіз бес аспап халық шеберлері жасаған тамаша туындылар бірлі-жарым кездесіп қалады. Бірақ кейбіреулері ата-бабамыздан қалған көзі еді деп оны музейге өткізуден бас тартады:- деп көрсетеді. Облыстың шалғай ауылдарындағы құнды жәдігерлердің қайдан және қалай музейге жинақталғаны туралы жазады.

Тірек сөздер: Өлкетану, тарих, музей, археология, ортағасырлық қала, зерттеу, дерек.

Кіріспе. Белгілі тарихшы, өлкетанушы Күзембай Байбосыновтың Жамбыл облысын зерттеуге қосқан үлесі зор. Көзі тірісінде-ақ көптеген ғылыми-зерттеулер жүргізіп, тарихи орындарды, құнды жәдігерлерді табуға қажырлы еңбек етті.

Елдің елдігінің бір белгісі-асылдарын ардақтай алуы. Ардақтауға лайықты азаматтарымыздың бірі ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Күзембай Байбосынов. Ол 1941 жылы 10 қазанда Байзақ ауданы «Қызыл Жұлдыз» ауылында дүниеге келген, осы бір киелі мекеннің тумасы.

Күзембай ағаны мен 2002 жылы бірінші курс оқып жүрген кезден білемін. Біздің студенттік шағымызда тобымызға археология, тарихи ескерткіштер және тағыда басқа да тақырыптар туралы дәріс оқығаны әлі күнге дейін жадымызда сақтаулы. Күзембай аға ғұмырын туған өлкенің тарихын зерттеу жолында сарп еткен бірегей тұлға. Өзінің ерекше еңбекқорлығымен облыстық музейде ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, директор қызметтерін абыроймен атқарды. Ол кісі Жамбыл облысының тарихын терең таныған өлкетанушы.

Еліміздегі Қазақстан Ғылым академиясы «Археология институтының» ғалымдары К. Ақышев, Х. Алпысбаев, К.М. Байпақов және басқалармен бірге археологиялық ғылыми жұмыстарға қатысып, еңбектерін жариялады. Оның жарыққа шығарған «Жамбыл облысының көне Түркі тас мүсіндері» (1995 жыл), «Бақсылар» (1982 жыл), «Ұлы Жібек жолы және Тараз» (2002), «Жамбыл облысының тарихи-мәдени ескерткіштер жинағы» (1982 жыл) атты еңбектеріне академик ғалымдар уақытынды жоғары бағаларын берді [1].

Күзембай аға зейнет жасында да зерттеу жұмыстарын тоқтатқан емес. Тараз қаласының маңында орналасқан «Төменгі Барысхан» қалашығының орнына археологиялық зерттеу жұмыстарын жалғастырып, сол жерден үлкен музей ашу жоспарын қағаз бетіне түсіріп, облыс басшылығына ұсынған кездері де болды. Өзінің ұзақ жылдар бойы жасаған зерттеулерін таныстырып, болашақта зерттеуді қажет ететін тарихи орындарды үнемі айтып отырушы еді. Ағамыздың шаңырағына сұхбаттасуға барған кезде өзінің көптеген жоспарларымен бөлісіп, жастарға бағыт бағдар беріп жүруші еді. Ағамыздың көзі тірісінде жарыққа шыққан мақаларының бірнешеуіне тоқтала кетсек [2].

Зерттеу шарттары мен әдістері. К. Байбосыновтың 1980-1984 жылдар арлығындағы жарияланған мақалаларының басым көп бөлігі археология, өлкетану бағытында жарыққа шығып отырған. 1981 жылғы «Еңбек туы» газетінің №139 (11.829) 21 шілде де шыққан «Музей экспонаттарын сөз етсек» атты мақаласында «...халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан мұраларының бірі - қолөнер шеберлерінің туындылары жайында өте мазмұнды мәліметтер келтіре отырып жазылған. Ондағы он саусағынан өнері тамған қазақ шеберлері ертеден-ақ тұрмысқа қажетті бұйымдардың сәнді болуына көп көңіл бөліп, оны жасауда көз майын тауысып, үлкен қаракет пен қажырлы еңбек сіңіргендігі және оның ішінде әсіресе, үй жиһаздары, кебеже,

сандық, жүк аяқ, ағаш төсек, тіпті баспана етіп отырған киіз үйдің уығын, керегесін, шаңырағын ел арасында қолының өнері бар - ағаш шеберлері жасағандығын баяндайды. Осы кездегі музейдің қорына жинақталған жүк аяқ кебеже, сандық сияқты заттар мен кигізден жасалған бұйымдарға түсірілген ою-өрнектердің қай-қайсысын алсақ та желісі бір-бірімен үйлесіп, белгілі бір мазмұнға құрылып, тиянақты ойды аяқтайды. Музейдің сөресінде өзінің нәзіктігімен көздің жауын алатын екі сандық бар. Оның бірін-Луговой ауданы «Мақпал» совхозының тұрғыны Жұмақожа Марсеновтан алдық. Ертеректе оның жұбайы Ұлжалғас ұзатылғанда берілген мүлік екен. Сандық онша үлкен емес, көшкенде алып жүруге ыңғайлы болсын деп шағын етіп жасаған. Бұл сандықты сол кезде өзінің өнерімен аты шыққан әйгілі зергер, ағаш ұстасы Хасен деген кісі жасағандығын сөзге тиек ете отырып жазады.

Сонымен қатар өткен жылы музейдің жанынан ұйымдастырылған экспедиция Талас ауданы, Жданов совхозы, Амангелді бөлімшесінен бұдан бір ғасыр бұрын Төменгі Талас өңірінде өзінің өнерімен атағы шығып жүрген Дайырбеков Битеннің қолынан шыққан өте сирек кездесетін ағаш төсекті алып келді. Ол бұл өнерді Тоғызбай, Оңбай деген ағайындарынан үйренгендігін оның жасаған бұйымдары соңғы кезге дейін осы ауылда бірен-саран кездесіп қалушы еді, бірақ қазір жоқ болып кетті, деп еске алған екен оның көзін көргендер [3].

Күзембай ағамыздың мақалаларында өлке тарихы мен осы өлкеден шыққан қол өнершілердің еңбектерінде қатты қызықтырушы еді. Мысалы көптен бері ойда жүрген мәселенің бірі - ел арасында әлі де бізге белгісіз бес аспап халық шеберлері жасаған тамаша туындылар бірлі-жарым кездесіп қалады. Бірақ кейбіреулері ата-бабамыздан қалған көзі еді деп оны музейге өткізуден бас тартады:- деп көрсетеді. Облыстың шалғай ауылдарындағы құнды жідігерлердің қайдан және қалай музейге жинақталғаны туралы жазады.

Ағамыздың келесі бір мақаласы 1981 жылы «Еңбек туы» газетінің №173 (11.863) 9 қыркүйек айында «Шежірелі шақ» деген атпен жарық көрді. Мұнда «...қазақ халықна талай ойран салған жоңғарларды талқандап енді ғана есін жиып келе жатқан халыққа XIX ғасырдың алғашқы жартысында көршілес жатқан Қоқан мен Хиуа хандықтарының ойрандары мен олардың бірнеше әскери жорық жасап, біраз жерді басып алуын айта кетеді. Әсіресе, Қоқан билеушісі Әлім ханға Шымкенттен сонау Ұзынағашқа дейінгі жерлерді қаратқандығы айтылады. Мұндағы Әлім ханның өзінің билігін тұрақтандыру үшін Жаңа Қорған, Мерке, Қорғанчи, Әулиеата және басқа көптеген бекіністерін салдырып отырды. Жергілікті сұлтандармен біріге отырып Қоқан бектері шаруаларды қатты күйзеліске ұшыратты деп баяндайды. Осы тұста Қоқандықтардың шектен тыс зорлық-зомбылығына қарсы талай рет шаруалар көтерілісі болды деп көрсетеді. Мәселен 1821 жылы Омар ханның зекет жинаушыларының зорлығына Түркістан, Шымкент, Сайрам және Әулиеата маңындағы қазақ руларының күшті көтерілісінің болғандығын жазады. Бұл көтеріліске қатысқан 12 мыңдай қарулы қолды осы өлкенің тумасы Тентек төре деген сұлтанның басшылығы мен өтті. Бірақ, көтерілісшілер көп ұзамай жеңілді. Бертін келе 1858 жылы қоқандықтардың зекет жинаушыларының зорлық-зомбылығына қарсы Оңтүстік Қазақстанды қамтыған шаруалар көтерілісі етек жайды. Көтерілістің негізгі ошағы Әулиеата қаласы болды. Ақмолда батыр халық қозғалысының қақ ортасында жүрді деп көрсетеді. Ол 1864 жылы маусымда өз сарбаздарымен Әулиеатаны азат етуге аттанған М.Г. Черняев бастаған орыс армиясына қосылады онда ерен ерлік көрсетеді. Әскери жорықтағы мінсіз қызметі үшін оған орыс патша әскерінің капитаны деген атақ берілді. Сол кездегі қазақ биі, Россияға өз еркімен қосылуды жақтаған, патша әскеріне Ақмолда батырмен бірге үзеңгілес болып қызмет еткен Құдайберген Байетұлы болды. Ол Ташкент қаласын алуға

қатысқан. Өзіне берілген міндетті жақсы атқарғаны үшін оған орыс патша әскерінің майоры деген атағы берілді [4].

Әулиеата уезінің бастығы Василий Андреевич Каллаурдың мәліметі бойынша Әулиеата қаласы Қоқан ханы Мадалы кезінде бекініс ретінде пайда болған. 1837 жылы Қоқан феодалдарының қысымына шыдай алмай Наманганнан келген бір топ қоныс аударушылар семьясы көне Тараз қаласының орнына салынған бекіністің жанынан Наманган көше деген қоныс жайларын салады. 1856 жылы Ташкенттің билеушісі Миржа Ахмедтің нұсқауы бойынша қалада базар салынады. 1853 жылы Әулиеата қаласы болып аталады. Бұл кезде қала көшелері тар, лас, небәрі екі-үш мыңнан аспайтын халық тұратын. Қаланың сол кездегі датқасы Атабек деген өзінің қаталдығымен белгілі болған кісі..» - деген мәліметтерінде Әулиеата тарихына, бұрын беймәлім болған Датқалар мен ел билеушілерге қатысты деректер ағамыздың газет бетіндегі мақалаларында жарық көріп отырған.

Зерттеу нәтижелері. 1983 жылғы ағамыздың тағы бір мақаласы «Еңбек туы» газетінің 11 наурыз №49 (12.239) санында «Үңгірлі сыр шертеді» атты атпен берілген. «...Шу мен Қордай аудандарында болып онда көптеген белгісіз байлықтар анықталды. Әлі де болса тарихи мұралардың көп екеніне көз жеткіздік. Бұл өңір ғасырлар тереңінен сыр шерткен мұралардың бір тобы – тас бетіне салынған таңбалы суреттерге, немесе ғылыми тілмен айтқанда петроглифтерге бай болып шықты. Сыры белгісіз көне бейнелерге бағдарлап терең ой жүгіртсең, әр дәуірдің өзіне тән қолтаңбасы, мазмұны бар.

Тарихта талай ғасырлар бойы адамның қол күші мен ой еңбегі арқылы дүниеге келген сәулет өнері Қаратау, Хантау, Жамбыл және Қырғыз Алатауының терістік жағындағы таулардың жарқабақ тастарында көп кездеседі. Осындай көне «сурет галереясының» бір тобын Шу ауданы Чкалов атындағы колхоздың шығыс жағындағы «Үңгірлі» сайынан таптық. «Үңгірлі сайы», «Шатыркөл» деген жердің

жоғары жағындағы таудан басталып, аяғы колхозға жетпей жайылып жоқ болып кетеді екен деп мақала мазмұнында көрсетеді [5].

Мұндағы тау мен тасты жағалай салынған суреттер күн көзі жақсы түсетін күнгедейгі биік тастарға түсірілген. Мұндағы бір көңіл аударарлық нәрсе, беті тегіс, көзге бірден алыстан түсетін тік жалпақ тастарда таң ертеңгі күн шапағында өріп бара жатқан таутекелер, арқарлар көрсетілсе, енді кейбір тастарда үйірінен бөлініп кеткен жануарлар бар. Тастағы бейнеленген тауешкілердің көпшілігінің мүйіздері басынан құйрығына дейін екі қатар айқара етіп берілуі қызығарлық деп көрген білгенінен алған әсерін жазып кетеді.

Зерттеу нәтижелерін талқылау.

Көпшілік қазақ қауымның назарын аударатын тағы бір нәрсе – тастардағы ру таңбаларының белгіленуі. Ру таңбалары алғашқы тайпалардың өзара бірлігін сақтауға, қарым-қатынасын жақсартуға негізделіп жасалған деп топшалаймыз деректер соны меңзейді.

Бұл тастағы таңбалар жөнінде алғашқы мәліметті деректерін шығыс жазбаларында кездестірдік. «Үңгірлердегі» жартастағы суреттер – ата-бабаларымыздың баға жетпес, тарихи мәдени өнер қазынасы оған дәлел тастағы суреттер. Өкінішке орай, олар ашық аспан астында табиғат әсерінен біртіндеп бұзылуда осы бұзылыстың алдын алсақ тым жақсы болар еді. Түптеп айтқанда оларды сақтау, келер ұрпақ игілігіне қаз қалпында жеткізу – баршамыздың абыройлы да ардақты борышымыз әрі міндетіміз деп білемін деп көрсетеді.

Жоғары аталған көне байлықтардан басқа, біз Шу ауданы «Ақтөбе» колхозына қарасты Далақайнар бөлімшесінің шығыс жағындағы бір шақырым жердегі «Құмшық» деген кіші өзеннің сол жағындағы Өленбайдың күмбезін кездестірдік деп ағамыз осы күмбезге сипаттама жасайды. Күмбез төрт бұрышты, алдыңғы жағында екі бұрышында мұнарасы бар. Күйдірілген кірпіштен қаланыпты. Жергілікті тұрақты халықтардың айтуынша бұл күмбез 1897 жылы салынған деп көрсетеді.

Бұл күмбездің өзіне тән архитектуралық стилі бар. Өкінішке орай, айналасы мүжіліп, орталық күмбезі орта шенінен қақ жарылыпты. Өзірге біздің облысымыздағы бірден-бір бұзылмай жеткен ескерткіштердің бірі осы. Сондықтан оны кешіктірмей қамқорлыққа алған дұрыс..» деп, ағамыз тарихи мұраларға деген жанашырлығын білдіреді. Күзембай ағамыз бағытта өмірінің соңына дейін тынымсыз еңбек етті [6].

Тағы бір қызықты тақырып «Ақ жол» газетінің 12 наурыз 1992 жылғы №31 (14.397) санында «Тараздың жер асты жолы барма?» деген мақаласында жазылады. «...ата-бабаларымыз кезінде мәдени-сауда орталығы болған қалаларды талай қилы заман қыспағынан аман сақтап, бүгінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырды. Соның бірі – өзіне тән бар әдет-ғұрпы мен сән-салтанаты жарасқан, көненің көзіндей Тараз қаласы деп мәліметтер келтіре отырып, ортағасырлық қалалардың бірі саналатын бүгінгі шаһарымыз жайлы деректерге көз жіберер болсақ, онда талай жиһанкездер мен саудагерлер әртүрлі елдердің елшілері бас қосып сыр шерткен зәулім үйлер, теңге соғатын сарайлар, мешіттер, басқа да ғимараттардың көп болғанына көз жетеді. Бүгінде олар қайда кеткен? Өткеніне үңілсек, олардың көбіне бір қилы замандарда сан түрлі жаугершілікті бастан кешіріп, замана желімен бірге қирап, бүлінгенін байқаймыз. Өйткені, бүгінгі қаланың әр жерінде үйінді болып жатқан орындар осыны көрсетеді. Иә, мұндай үйінділердің астында бүгінгі ұрпаққа беймәлім талай ғасырлардың куәсі боларлық мол дүниелердің жатқандығы анық дей келе ортағасырлық Тараз көкбазар жанындағы әскери казарма орналасқан мекен-жайдың ішінде бір кішкене автомашина жөндеу шеберханасы бар. Осында жұмыс істеп жатқан солдаттардың біреуі кенеттен еден опырылып, төмен түсіп кеткен. Опырылған тесікті тазалағанда биіктігі екі метрден асатын күйдірген кірпіштен қаланған көлбеу бөлме орыны табылды. Құпия қабырға жер астына қарай қаланғаны анықталды. Оның төменгі жағында ішке кіретін есігі бар. 2x2 метр

жоғарғы жағы күмбезделген кішкене бөлме кезікті деп көрсетеді, яғни мұндағы мақалаға арқау болған жер асты жолы туралы сөзге тиек етеді.

Былайша анықтап қараған кісіге бұл жер үлкен бір тұрмыс орны сияқты әсер етеді. Оның қалған бөлігі жер астына көміліп қалған. Иә, осыншама тереңдікте жатқан бұл нендей құрылыс орны? Оның үстіне қаланың орталық бөлігінде емес, шеткері қолөнершілер орналасқан мекен-жайдан табылып отыр. Бұл құрылыс, бәлкім, жер асты жолы шығар?.. Олай дейтініміз, бұдан бірнеше жыл бұрын осы көкбазар жанындағы бүгінгі көп қабатты үйлердің орнынан биіктігі бір метр қызыл кірпіштен қаланған жер асты жолы табылған еді. Оны облыстық өлкетану музейінің қызметкері А.Попов тексеріп көрген болатын [7].

Жер асты жолдары ортағасырлық ірі қалалардың көпшілігінде болғаны бүгінгі ұрпаққа көне тарихтан белгілі. Ертедегі жаугершілік жылдары қаланы жау қоршағанда осындай құпия жолдар арқылы қала билеушілері өз нөкерлерімен құтылып кетіп отырған. Ежелгі Тараз жерінен табылып отырған мынау жер асты жолдары да, сөз жоқ, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз қолымен салынған көне құрылыстардың бірі, оның толық құпиясы әлі ешкімге анық емес. Демек, өзіміз мекен ететін қаламыздың әлі де ашылмаған тарихи беттері көп екенін де дау жоқ.

Қорытынды. Ендеше ғасырлар тереңінен бізге жеткен мұндай беймәлім көне құрылыс орындарын ел игілігіне жарату үшін қолға алатын жұмыстар жетерлік. Бұл үшін басы қала әкімшілігі болып ата-бабаларымыздан қалған асылдың сынығындай осы жәдігерлерді қайта қалпына келтірген жөн болар еді» - деп тарихи оқиғаның шетін ғана шығарып, қалған дүниені келер ұрпақтың еншісіне қалдырған болу керек.

Сонымен қатар, К. Байбосыновтың жарық көрген мақалалары мынадай газет-журналдарда жарық көріп отырған. «Знамя труда» №19 (11.631) 1980 год 26 январь «Из

глубины веков», «Еңбек туы» №213 (11.653) 1980 ж. 6 қараша «Бір ескерткіш тарихы», «Еңбек туы» №139 (11.829) 1981 ж. 21 шілде «Музей экспонаттарын сөз етсек», «Еңбек туы» газеті 1981 ж. 31 қазан №208 (11.898) «Ғасырлар тереңінен», «Еңбек туы» 1982 ж. 14 қаңтар №9 (11.949) «Дін нанымдары», «Еңбек туы» 1982 ж. 5 мамыр №87 (12.027) «Тарихи бетбұрыс», «Еңбек туы» 1982 ж. 18 мамыр №95 (12.035) «Арудың зираты», «Еңбек туы» 1983 ж, 11 қараша №216 (12.406) «Ұлы достық үшін күрескендер», 1983 ж, 21 маусым №117 (12.307) Еңбек туы «Қорғандар құпиясы», 1983 ж. 15 қыркүйек №176 (12.366) Еңбек туы «Тас мүсіндер сөйлейді», 1983 ж. 31 желтоқсан №250 (12.440) «Еңбек туы» «Көне қалалар тарихынан», 1984 ж. 31 шілде №145 (12.585) «Еңбек туы» «Халық медицинасы хақында», 1985 ж. 17 тамыз №160 (12.850) «Еңбек туы» «Бақсы деген кім?», 1988 ж. 14 қазан №196 (13.576) «Еңбек туы» «Ақыртас аңыздары не дейді?», 1990 ж. 9 январь №6 (14.118) «Знамя труда» «Новая кумысхана и древний Тараз», 1990 ж. 20 қаңтар №115 (13.895) «Еңбек туы» «Ғасырлар ғақлиясы», 1991 ж. 29 наурыз №59 (14.189) «Ақ жол» «Жамбыл таңы» «Тараз моншасы қалпына келтіріледі», 1991 ж. 6 желтоқсан №216 (14.346) «Ақ жол» «Жамбыл таңы» «Тығыз байланыс куәгері» немесе Мұражайдағы екі экспонаттың құпиясы қалай ашылды?, 1992 ж. 4 ақпан №15 (14.381) «Ақ жол» «Суреттегі күмбездер кімдікі?», 1992 ж. 19 мамыр №60 (14.426) «Ақ жол» «Тасқа жазылған дастан».1994 г. 30 ноября, среда, №76 (14.984) «Знамя труда» «Тайны пищеры Бота-Мойнак» атты еңбектері жарияланған.

Күзембай Байбосынов ағамыз осы сияқты көптеген ғылыми мақалалар жариялады, шәкірттер тәрбиеледі, жас зерттеушілерге бағыт бағдар берді. Жамбыл өңіріндегі тарихи мұраларды зерттеудегі еңбегі мен ғылым саласына қосқан үлесі үшін М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің құрметті профессоры мәртебесін иеленген. Күзембай Байбосынов көзі тірісінде ұрпаққа үлгі боларлық мол тәжірбиесімен бөлісіп отырған, және артынан елеулі еңбектер

қалдырған бір туар тұлғалар қатарынан деп айтсақ қателеспейміз. Осы тұрғыда ел азаматының өмір жолын, еңбегін өскелең

ұрпаққа дәріптеу, кеңінен насихаттау азаматтақ парыз болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байбосынов, К. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы [Электронды ресурс] Кіру режимі: https://www.facebook.com/1831662180405272/posts/2750051038566377/?locale=ms_MY Жүгінген күні: 14.01.2021 ж.
2. Мазур, В. В поисках прошлого [Текст] / В. Мазур // Знамя труда. 8.12.2014 г. <https://ztgzt.kz/v-poiskax-proshlogo/>
3. Байбосынов, К. Музей экспонаттарын сөз етсек [Мәтін] / К.Байбосынов // Еңбек туы газет.-1981 ж. 21 шілде. №139 (11.829)
4. Байбосынов К. Шежірелі шақ [Мәтін] / К. Байбосынов // Еңбек туы газет.-1981 ж. 9 қыркүйек. №173 (11.863)
5. Байбосынов К. Үңгірлі сыр шертеді [Мәтін] / К. Байбосынов // Еңбек туы газет.-1983 ж. 11 наурыз. №49 (12.239)
6. Байбосынов К. Тасқа жазылған дастан [Мәтін] / К. Байбосынов // Ақ жол газет.-1992 ж. 19 мамыр. №60 (14.426)
7. Байбосынов К. Тараздың жер асты жолы барма? [Мәтін] / К. Байбосынов // Ақ жол газет.-1992 ж. 12 наурыз. №31 (14.397)

Материал 23.02.23 редакцияға түсті.

Н. Серикбаев - *Городской государственной архив города Тараз, г. Тараз, Казахстан*

ЗНАЧИТЕЛЬНЫЕ ТРУДЫ КУЗЕМБАЯ БАЙБОСЫНОВА В ОБЛАСТИ КРАЕВЕДЕНИЕ

Аннотация. В статье рассматриваются труды известного историка, краеведа Кузембая Байбосынова. Он внес большой вклад в изучение Жамбылской области. За всю свою жизнь он провел множество научных исследований. Он много работал над поиском исторических мест и ценных материалов. Байбосынов Кузембай не прекращал своих исследований даже в пенсионном возрасте. Были времена когда они продолжали археологические исследования в местах «Нижнем Барысхане» который расположен недалеко от города Тараз, состав экспедиции составляли план по открытию там музея и представляли его областному руководству. Он представлял исследования, которые проводил на протяжении многих лет, и всегда упоминал исторические места, которые необходимо исследовать в будущем. Когда к ним приходили студенты на собеседование, он делился многими своими научными планами и наставлял молодежь в будущее. Давайте поговорим о некоторых статьях, которые были опубликованы при жизни. Труды Кузембая Байбосынова были опубликованы в местных и республиканских газетах. В некоторое время назад экспедиция, организованная музеем, привезла из совхоза Жданова, Амангельдинского отдела, Таласского района очень редкую деревянную кровать, изготовленную Дайырбековым Битеном, который столетие назад славился своим искусствоми рукоделием в нижне Таласском районе. Те, кто его видел и помнят, что этому искусству и рукоделию он научился у своих братьев Тогызбая и Онбая, и до недавнего времени изделия и рукоделие изготовленные им, можно было найти в этом селе, но сейчас их нет. В статьях Кузембая он очень интересовался историей края искусствоми и рукоделием местных людей. Он в своих

напоминаниях пишет что например, одна из больших проблем, которая меня давно уже волнует, заключается в том, что воедино собираются замечательные произведения, созданные народными мастерами и их музыкальных инструментов. Но некоторые люди из них отказываются давать его в музей, потому что это ценное вещь, оставленный их предками. Он пишет о том, где и как в музее были собраны ценные артефакты из отдаленных деревень региона.

Ключевые слова: Краеведение, история, музей, археология, средневековый город, исследование, документ.

N. Serikbaev - Taraz City State Archive, Taraz, Kazakhstan.

SIGNIFICANT WORKS OF KUZEMBAY BAIBOSYNOV IN THE FIELD OF LOCAL STUDIES

Abstract. The article examines the works of the famous historian and local historian Baibosynov Kuzembaya. He made a great contribution to the study of the Zhambyl region. Throughout his life he conducted many scientific studies. He worked hard to find historical sites and valuable materials. Baibosynov Kuzembay did not stop his research even at retirement age. There were cases when they continued archaeological research in the sites of "Nizhniya Baryskhan", located near the city of Taraz, they drew up a plan to open a museum there and presented it to the regional leadership. He presented the research he had done over the years and always mentioned historical sites that needed to be explored in the future. When students came to him for interviews, he shared many of his scientific plans and mentored the youth for the future. Let's talk about some articles that were published during his lifetime. The works of the Baibosynov Kuzembaya were published in local and national newspapers. Some time ago, an expedition organized by the museum brought from the Zhdanov state farm, Amangeldinsky department, Talas region, a very rare wooden bed made by Dayyrbekov Biten, who a century ago was famous for his art in the lower Talas region. Those who saw him and remember that he learned this art from his brothers Togyzbai and Onbai, and until recently, products made by him could be found in this village, but now they are not. In Kuzembai's articles, he was very interested in the history of the region and the creative work of the artists of this region. For example, one of the problems that has been bothering me for a long time is that wonderful works created by folk craftsmen and their musical instruments are being brought together. But some of them refuse to send it to the museum because it is a valuable thing left by their ancestors, he says. He writes about where and how the museum collected valuable artifacts from remote villages in the region.

Key words: Local history, history, museum, archeology, medieval city, research, document

References

1. Baibosynov, K. Tarihi-mădeni eskertkishterdi қорғау және қалпына келтіру дирекциясы [Directorate for the protection and restoration of historical and cultural monuments] [Electronic resource] access mode: https://www.facebook.com/1831662180405272/posts/2750051038566377/?locale=ms_MY date of application: 14.01.2021
2. Mazur, V. V poiskah proshlogo [In search of the last] / Znamya labor. 8.12.2014 G. <https://ztgzt.kz/v-poiskax-proshlogo/>
3. Baibosynov, K. Muzej eksponattaryn sөz etsek [Speaking of museum exhibits] / K. Baibosynov // Enbek tuy.- July 21, 1981. №139 (11.829)
4. Baibosynov K. SHEzhireli shaқ [Chronicle] / K. Baibosynov // Enbek tuy. - September 9, 1981. №173 (11.863)

5. Baibosynov K. Үңгірлі сыр шертеди [Cave] / K. Baibosynov // Еңбек туы.- March 11, 1983. №49 (12.239)
6. Baibosynov K. Тасқа zhazyлған dastan [Dastan] / K. Baibosynov // АҚ Zhol newspaper. - May 19, 1992. №60 (14.426)
7. Baibosynov K. Tarazдың zher asty zholy barma? [Does Taraz have an underground road?] / K. Baibosynov // АҚ Zhol newspaper. - March 12, 1992. №31 (14.397)

Мақалаға сілтеме: Серікбаев, Н. Күзембай Байбосыновтың Өлкетану бағытындағы елеулі еңбектері, ғалымның хаты өшпейді [Мәтін] / Н. Серікбаев // Dulary University Хабаршысы. – 2024. - №2. – Б. 137-144 <https://doi.org/10.55956/XOND3022>